

Мухитдинов Рашид Сражович^{1*}, Мустафаева Анар Абдикадиевна²^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0003-3910-8222 E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com² философия докторы (PhD), доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-6878-4946, E-mail: rummana@mail.ru**«КИТАБ ӘЛ-ИДРАК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ИСМДЕРДІҢ
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ УАЗНДАРЫ**

Андатпа. Әбу Хайян әл-Андалуси – XIV ғасырда өмір сүрген араб, түркі (мәмлүк-қыпшақ), хаба́ша (эфиоп) тілдерінің грамматикаларын жазған, тілдерді салғастыра және салыстыра зерттеуде біраз еңбек қалдырған лингвист ғалым. Бұл мақалада жергілікті араб халқына түркі (мәмлүк-қыпшақ) тілін үйрету мақсатында Әбу Хайян құрастырған «Китаб әл-Идрак лилисан әл-атрак» еңбегін мысалға ала отырып, салыстырмалы тіл білімінің және морфологияның нысаны ретінде атаулардың (ар. исм) уазндары талданады. Бұл зерттеуде жалғамалы тілдер қатарына жататын түркі тілі мен қопармалы тілдер тобына кіретін араб тілінің сөздерін меңгертуде қолданылған әдістер негізінде араб тілді оқырмандарға түркі тілін үйрету мақсатында Әбу Хайян әл-Андалуси пайдаланған әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Әбу Хайян түркі тіліндегі уазндарды (сөз қалыбы) сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың санына қарай топтастырған. Оның пікірінше, түркі тілінде бір, екі, үш, төрт, бес және алты дауыссыз әріпті исм сөздер кездеседі және осы сөздерді 99 уазн негізінде топтастыруға болады. Мақалада осы 99 уазн құрамындағы дауыссыз дыбыс санына қарай кестеге салынып, әр уазн қазақ тіліндегі оқылуы мен түркі тіліндегі қолданыс мысалымен бірге беріледі. Әр кестеден кейін оқырманға түсінікті болу үшін қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді (исм сөздерді) бір уазн аясында қалай жинауға болатындығы мысал ретінде келтіріледі. Бұл түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен салғастырмалы тіл біліміне қатысты жаңа көзқарастарға жетелейтін зерттеу деп есептейміз. Мақалада қазақ тілін араб тілді оқырмандарға үйреткенде осы әдісті қолдану, тәжірибеден өткізу идеясы ұсынылды. Сондай-ақ Әбу Хайяның түркі тіліндегі дауысты «и» және «у» әріптеріне қатысты пікірі талданып, қазіргі қазақ тілінде осы мәселені зерттеуде назар аударуға тұрарлық дереккөз екендігі көрсетілді.

Тірек сөздер: салғастырмалы тіл білімі; морфология; уазн; түркі тілі; араб тілі; исм сөз**Қаржыландыру көзі:** Мақала AP19680093 «Матуриди және Иасауи ілімдері негізінде Абайдың теологиялық тұжырымдамасы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Мухитдинов Р.С., Мустафаева А.А. «Китаб әл-Идрак» еңбегіндегі түркі тіліндегі исмдердің морфологиялық уазндары. *Tiltanyim*, 2025. №2 (98). 52-63-66.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-52-63>**Мухитдинов Рашид Сражович^{1*}, Мустафаева Анар Абдикадиевна²**^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-3910-8222 E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com² доктор философии (PhD), доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-6878-4946 E-mail: rummana@mail.ru**МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ВАЗНЫ ИМЕН ТЮРКСКОГО ЯЗЫКА В «КИТАБ АЛЬ-ИДРАК»**

Аннотация. Абу Хайян аль-Андалуси – выдающийся лингвист XIV века, который внес значительный вклад в изучение и сравнение грамматик арабского, тюркского (мамлюкско-кипчакского) и хаба́ша (эфиопского) языков, и оставивший ряд трудов по сравнительно-сопоставительному изучению языков. В настоящей статье проводится анализ вазнов имен (ар. исм) как объект сопоставительного языкознания и морфологии на примере труда «Китаб ал-Идрак лилисан ал-атрак», составленного Абу Хайяном с целью обучения местного – арабского населения тюркскому (мамлюкско-кипчакскому) языку. Также рассматриваются методы, которыми пользовался Абу Хайян аль-Андалуси для разъяснения слов из тюркского как агглютинативного языка и слов из арабского как флективного языка. Абу Хайян сгруппировал вазны (модели) в тюркском языке по количеству согласных в том или ином слове. Как отмечает средневековый грамматист, в тюркском языке функционируют слова от одной до шести согласных, которых можно сгруппировать по 99 вазнам. В данной статье все эти 99 вазнов отображаются в таблицах по количеству согласных, где каждый вазн приведен с формой его произношения в казахском языке и примером на тюркском. После каждой таблицы, чтобы читателю было понятно, дается пример того, как собрать современные казахские слова (исм) в рамках одного вазна или морфологической модели. По нашему мнению, данное исследование способно привести к новым

подходам в исторической грамматике тюркских языков и сравнительному языкознанию. В статье предложена идея использования и экспериментирования данного метода при обучении арабов казахскому языку. Проанализированы заключения Абу Хайяна по гласным «и» и «у» в тюркском языке, также отмечено, что они являются источником, заслуживающим внимания при изучении данной проблемы в современном казахском языке.

Ключевые слова: сравнительное языкознание; морфология; вазн; тюркский язык; арабский язык; существительное

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования проекта AP19680093 «Теологическая концепция Абая на основе учения Матуриды и Ясави».

Для цитирования: Мухитдинов Р.С., Мустафеева А.А. Морфологические вазны имен тюркского языка в «Китаб аль-Идрак». *Tiltanyum*, 2025. №2 (98). С. 52-63. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-52-63>

Rashid Mukhitdinov^{1*}, Anar Mustafayeva²

¹Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Nur-Mubarak University of Islamic Culture, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-3910-8222 E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-6878-4946 E-mail: rummana@mail.ru

MORPHOLOGICAL WAZNS OF ISMS OF THE TURKIC LANGUAGE IN «KITAB AL-IDRAK»

Abstract. Abu Hayyan al-Andalusi – an outstanding linguist of the 14th century, who made a significant contribution to the study and comparison of the grammars of Arabic, Turkic (Mamluk-Kipchak) and Habashi (Ethiopic) languages, and left a number of works on the comparative study of languages. This article analyzes wazns of isms (noun models) as an object of comparative linguistics and morphology using the example of the work "Kitab al-Idrak lilisan al-atrak", compiled by Abu Hayyan with the aim of teaching the local – Arab population the Turkic (Mamluk-Kipchak) language. Also considered are the methods used by Abu Hayyan al-Andalusi to explain words from Turkic as an agglutinative language and words from Arabic as an inflectional language. Abu Hayyan comprehensively considered the wazns (models) in the Turkic language by the number of consonants in a given word. As the medieval grammarian notes, the Turkic language has words with one to six consonants, which can be grouped into 99 wazns. In this article, all of these 99 wazns are displayed in tables by the number of consonants, where each wazn is given with its pronunciation in the Kazakh language and an example in Turkic. After each table, so that the reader can understand, an example is given of how to collect modern Kazakh words (ism) within the framework of one wazn or morphological model. In our opinion, this study can lead to new approaches to the historical grammar of the Turkic languages and comparative linguistics. The article proposes the idea of using and experimenting with this method in teaching the Kazakh language to Arabs. The results of Abu Hayyan on the vowels “i” and “u” in the Turkic language are analyzed, and it is also noted that they are a source worthy of attention when studying this problem in the modern Kazakh language.

Keywords: Comparative linguistics; morphology; wazn; Turkic language; Arabic language; noun

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project AR19680093 “Theological concept of Abay based on the teachings of Maturidi and Yassawi”.

For citation: Mukhitdinov, R., Mustafayeva, A. Morphological Wazns of Isms of the Turkic Language in «Kitab al-Idrak». *Tiltanyum*, 2025. No. 2 (98). P. 52-63. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-52-63>

Кіріспе

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары шетелдік кітапхана, мұрағат пен сирек қорларда қазақ халқының өткеніне қатысты қолжазбалардың көшірмелері мемлекет тарапынан қабылданған әртүрлі бағдарламалар аясында елге әкелініп, түпнұсқа тілдерінен тікелей қазақ тіліне аударылып, біртіндеп ғылыми айналымға түсуде. Жазба ескерткішті түпнұсқа тілі арқылы тікелей зерделеу тың деректерге қол жеткізіп, зерттеуге өнімді нәтижелер беріп, жанашылдығын қалыптастыра бастады. Сондықтан зерттеушілер алдында белгілі қолжазбаларды назар аударылмаған жаңа қырдан қарастыру, басқа нұсқаларын анықтау, тың қолжазбаларды табу, бөліктері бар еңбектерді біріктіру және қайта қалпына келтіру сияқты міндеттер қойылған. Осындай қолжазбалардың қатарына ортағасырлық түркі мұрасының ажырамас бір бөлігі – Мысырда билік құрған (1260-1517) мәмлүк қыпшақтарының жазба мұрасы да жатады. Бұл мұраның бір бөлігі сол дәуірде жергілікті арабтарға түркі (қыпшақ) тілін үйрету мақсатында жазылған лексикографиялық және грамматикалық еңбектерден тұрады. Солардың бірі Андалусияда (қазіргі Испания) дүниеге келген ортағасырлық энциклопедист-ғалым Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китаб әл-Идрак лилисән әл-

этрак» («كتاب الإدراك للسان الأثر الك») қысқ. атауы «Китаб әл-Идрак» еңбегі. XIV ғасырда жазылған бұл еңбектің Мысырдағы нұсқасынан басқа Түркияда екі нұсқасы бар. Қыпшақ даласынан әскери құл ретінде сатылған қыпшақтар жат жерде тек Мысыр мәмлүк мемлекетін ғана құрмай, жергілікті арабтардың тілі мен мәдениетімен бірге төл тілі мен мәдениеттің сабақтаса дамуына ықпал етті. Астанасы Каир қаласындағы қошқар мүйізі бар ғимараттар, жергілікті араб тіліне енген түркі-қыпшақ сөздері – XIII-XV ғасырлардағы қыпшақтар билігінің көрінісі. Автор ортағасырлық түркі тілдеріне жататын мәмлүк-қыпшақ тілінің морфология, синтаксис және лексика бөлімдерін сол замандағы әлемдік деңгейдегі тіл білімінің жетік әдістерін қолдану арқылы баяндайды. Зерттеу мақсаты – «Китаб әл-Идрак» кітабындағы түркі тілінің исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазндарын (сөздің қалыбы) талдау жасау арқылы мәмлүк-қыпшақ тілінің морфологиясына зерттеу жүргізу. Сөздерді морфологиялық уазндарға (сөз қалыптарына) салып топтастыру, түсіндіру, осы әдіспен сөздіктер құрастыру әдісі қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Ал орта ғасырдағы түркі грамматикасын зерттеуге арналған еңбектерде бұл әдіс бар. Тіпті М.Қашқаридің «Диуан луғат әт-турк» сөздігі де осы әдіспен жасалған. Сөздерді уазндарға салу әдісін, жолын меңгеру арқылы ортағасырлық түркі грамматикасын да тереңірек түсіне аламыз. Сонымен қатар ортағасырлық Қожа Ахмед Яссауидің «Диуани хикмет» секілді кітаптардың қолжазбасын оқуда және сондағы араб сөздерінің ортақ түбірін анықтауда да бұл әдіс көмекші құрал болады.

Бұл еңбек қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде де маңызды дереккөз саналады. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты тың ойларға жетелейді. Түркі тілін араб тілді оқырмандарға түсіндіру барысында Әбу Хайян әл-Андалуси араб тілі мен түркі тілдерін қатар қойып, салыстыру, салғастыру әдістерімен зерттеу жүргізген. Бұл тіл білімінің салыстырмалы, салғастырмалы тарихи саласына сол ғасырда қосылған үлкен сүбелі зерттеу жұмысы болғандығын көрсетеді.

Материал және әдістер

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китаб әл-Идрак лилисән әл-этрак» («كتاب الإدراك للسان الأثر الك») қысқ. атауы «Китаб әл-Идрак») еңбегі таңдалды. Мақалада араб және түркі тілдеріндегі тілдік категорияларды түсіндіргенде салғастырмалы әдіс, түркі (мәмлүк-қыпшақ) тілі мен қазақ тіліндегі кейбір айырмашылықтарды, мысалдарды келтіргенде салыстырмалы әдіске, түркі тіліндегі уазндары талдау барысында сипаттама, топтастыру, жіктеу, кестеге салу әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ тіліндегі ғалымдар арасындағы пікір қайшылығын тудырған мәселеге тоқталғанда диахронды әдіс, ал қазақ тілінде жеткізу үшін аударма әдісі пайдаланылды. Зерттеу екі кезеңнен тұрады. Алдымен, «Китәб әл-Идракты» зерттеген шетелдік және отандық ғалымдарға кеңінен тоқталып, келесі кезеңде қарастырылып отырған қолжазбадағы түркі тілі исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазндарын талдауға, соларды кестеге салу арқылы түсіндіруге арнадық. Әбу Хайян еңбегінде көбінесе түркі тілі деп қолданылғанымен, кейбір жерде, әсіресе түркі тілдерінің арасында айырмашылықтар кездескенде, «мынау қыпшақша», «мынау түркіменше» деп жазады. Біз бұл мақалада осы түркі мен мәмлүк-қыпшақ сөздерін синоним ретінде қолдандық. «Уазн» терминін орта ғасырдағы түркітанушы М.Қашқари және Әбу Хайян әл-Андалуси секілді ғалымдар қолданғандықтан, біз де сол үлгіде қолдануды жөн санадық. Оның үстіне бұл термин қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайды. Әбу Хайян түркі сөз табын исм (есім: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік), фиғл (етістік) және харф (көмекші сөз) деп үшке бөлген. Осы жердегі «исм» сөзі қазақ тіліне тілдік тұрғыдан есім болып аударылғанымен, түркі тіліндегі «исм» термині мен қазақ тіліндегі «есім» терминінің айырмашылығы бар. Сондықтан «исм» терминін де сол қалпында қолдандық. Зерттеудің нәтижесі ретінде бұл уазндарды қазақ және өзге де түркі тілдерін араб тілді оқырмандарға түсіндіргенде қолдануды және қазіргі қазақ тілінің кей мәселесін талдауда осындай ортағасырлық түркі тілінің тарихи грамматикасына да назар аудару қажеттілігін алға тартамыз.

Әдебиетке шолу

Әбу Хайян – орта ғасырдағы тіл білімі, оның ішінде, грамматика, лексикография, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі салаларында бірқатар құнды еңбек қалдырған, бірнеше тілді жетік меңгерген және сол тілдердің грамматикасын құрастырып шыққан лингвист ғалым. «Араб тілінің басшысы» (رأس العربية) деген лақап есімге ие болған (Al-Zahabi, 2006: 634) Әбу Хайяның түркі тілінің лексикасы мен грамматикасына қатысты бірнеше еңбегі бар: «Китаб әл-

Идрак» (морфология, синтаксис, лексика), «эл-Әфғал фи лисән әт-турк» (الأفعال في لسان الترك) (Түркі тіліндегі етістіктер) және «Заһу әл-мулк фи наху әт-түрк» (زهو الملك في نحو الترك) (Түркі синтаксисіндегі патшалықтың сән-салтанаты). Автор «Китаб әл-Идрагында» етістіктерге қатысты еңбегіне сілтеме жасауына қарағанда, бұны одан кейін жазғандығы анық. Әлемдік ғылыми ізденістер нәтижесінде бізге жеткені – «Китаб әл-Идрак» және оның үш нұсқасы. Соңғы нұсқасы таяуда Каир қаласының Ұлттық құжаттар кітапханасында табылды (Aldemir, 2019), қалған екі нұсқасы Стамбұл қаласының Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді (тіркеу №2896) және Стамбұл университетінің (№3856) кітапханаларында сақталған. Еңбек үш бөлімнен: кіріспеден, түркіше-арабша сөздіктен, түркі тілінің морфологиясы мен синтаксисін қамтыған ережелер бөлімінен тұрады. Әбу Хайян түркі тілін бір жағынан сол кездегі кітап дәстүрі бойынша, екінші жағынан оқырманына түсінікті болсын деп араб тілі грамматикасы негізінде дайындаған (Al-Andalusi, 1309). Түркі тілдерінің негізі саналатын М.Қашқаридың араб кітап дәстүрінде жазылған «Диуан луғат әт-турк» еңбегі де үш бөлімнен тұрады: кіріспе, грамматика, түркіше-арабша сөздік (Al-Kashgari). Түркі диалектологиясындағы орны жағынан «Китаб әл-Идрак» сөздігі Қашқари сөздігіне сәйкес келеді (Айвазян, 2021: 171).

Араб әлеміндегі «Китаб әл-Идракқа» қатысты зерттеулер ішінде араб тіл білімі зерттеушілері Рамадан Абдуттауаб (Abd al-Tawwab, 1997: 202), Абдуррахман Али Сулайман (Ali Sulayman, 2008: 73) Әбу Хайяның араб тіліне қосқан үлесіне тоқталады. Сол сияқты Мулайка Нағим (Malika Na'im: 9) энциклопедист-ғалымның салыстырмалы-салғастырмалы тіл біліміне қосқан үлесіне назар аударып, көбінесе хабаши тіліне қатысты жазған еңбектерінен мысалдар келтіреді де, «эл-Идрак» кітабына жеке тоқталмайды. Әбу Хайяның лингвистика ғылымына қосқан үлесі туралы академик Махмуд Фаһми Хижази де жазғанымен, «эл-Идрак» еңбегін зерттеу нысаны ретінде қарастырмаған (Hijazi). Сауд Арабиясындағы Тайф университетінің ғалымы Мунтасир Әмин Абдуррахим «эл-Идрак» кітабы негізінде араб лексикографиясындағы екі тілді сөздіктерді зерделеген. Ол Әбу Хайяның сөздік түзуде ұстанған принциптерін, басшылыққа алған дереккөздерін, кейбір қысқартылған сөздердің анықтамаларын зерттеп, мақала жариялаған (Abd al-Rahim, 2015).

Түркиядағы мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері, әсіресе «Китаб әл-Идракқа» қатысты бірнеше зерттеу жұмысы жүргізілген. Ортағасырлық араб тілінде жазылған түркі мәтіндерін түрік тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізуімен Б.Аталай (Atalay, 1945) айналысса, Жафөроғлы (Caferoğlu, 1931) «Диуан луғат әт-туркке» қоса, «эл-Идракты» түрік тіліне аударған, И.Доған (Doğan, 2016) «эл-Идрак» еңбегінің тіл біліміне қосқан үлесі туралы зерттеу жүргізсе, В.Избудак (İzbudak, 1989) қолжазбаның Стамбұл нұсқасындағы негізгі мәтіннен бөлек жол жиектеріндегі (һәмиштегі) жазулардың біразын талдауға тырысқан. М.Өзйетгин (Özyetgin, 2001) қолжазбадағы морфология, оның ішінде етістік бөлімін қарастырса, мәмлүк-қыпшақ «Китаб Булғат әл-Муштақ» жазба ескерткішінің бірнеше жыл бұрын табылған екінші Кастамону (Түркия) нұсқасын зерттеп, түрік тіліне аударған М.Салан «Китаб әл-Идрактың» бет жиектеріндегі (һәмиштегі) қосымша мәтінмен жұмыс жасап (Salan, 2017), сонымен қатар қолжазбадағы кірме сөздерді де анықтаған (Salan, 2012).

Батыс ғалымдары ішінде Польша шығыстанушысы А.Зайончковский (Зайончковский, 1961), (Зайончковский, 1964) XX ғасырдың орталарында мәмлүк қолжазбаларын зерделеген. Нидерланды түркітанушысы Р.Ермес қолжазбаның бірінші нұсқасын ағылшын тіліне аударған (Ermers, 1999). Кеңес одағы және ТМД елдеріндегі зерттеулер ішінде өткен ғасырдың 60-70 жылдары жазылған қазақстандық ғалым Ә.Құрышжановтың (Құрышжанов, 1970) мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жәдігерлерге қатысты еңбектерін, М.Маженованың (Маженова, 1966 а), (Маженова, 1966 б), (Маженова, 1969) қолжазба авторы мен рөліне қатысты зерттеулерін, өзбекстандық зерттеушілер Н.Расулова (Расулова, 1968), Н.Асированың (Асирова, 1988) қолжазбаның бірінші нұсқасына қатысты жұмыстарын атап өтуге болады.

Қазіргі қазақстандық зерттеушілер ішінде Е.Есбосынов «Китаб әл-Идракты» зерттеу нысаны ретінде алғанымен, дереккөз ретінде А.Жафөроғлы шығарған линотипті факсимилияны қолданды (Есбосынов, 2005), (Есбосынов, 2017). Татарстан зерттеушілері А.Меметов және И.Меметов негізгі түркі лексикографиялық еңбектер қатарына «Китаб әл-Идрак» сөздігін жатқызып, еңбектің екі нұсқасына (Меметов, 2020: 111) ғана қысқаша сипаттама берген. Ал мәмлүк-қыпшақ тілдік

ескерткіштермен айналысып жүрген қазақстандық зерттеушілер Б.Жұбатова (Жұбатова, 2019: 30), Қ.Аубакирова (Аубакирова, 2016), А.Мустафаева (Мустафаева, 2021), Н.Конкабаева (Конкабаева, 2020) және басқалар «Китаб әл-Идрак» қолжазбасының екі нұсқасын ғана атап, библиографиялық сипаттама бергенімен, аударма және зерттеу нысанына айналдырмаған. Басты себебі қолжазба мәтінінің, әсіресе жол жиектеріндегі мәтін жазуының күрделілігінде болса керек. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштеріндегі пареомнологиялық жүйені қарастырған Ж.Алашбаева (Алашбаева, 2021), XIV ғасыр жазба ескерткіштері мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттеген М.Сабыр (Сабыр, 2004) еңбектерінде «Китаб әл-Идрак» назардан тыс қалады. Сонымен «Китаб әл-Идрак» қолжазбасы үш нұсқасы негізінде түпнұсқа тілдерінен қазақ тіліне аударылмады. Сондықтан «Китаб әл-Идрак» кітабы әлі де болса салғастырмалы-тарихи тіл білімі тұрғысынан зерттеуді қажет ететін еңбек деп санаймыз.

Жоғарыда аталған еңбектерде осы еңбектің сарф (морфология) бөлімінде келген түркі тілінің исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазындарына талдау жасалмаған. Біз осы мақалада сол түркі тіліндегі исм сөздердің морфологиялық уазндарын талдауды зерттеу нысаны ретінде алып отырмыз.

Нәтижелер және талқылау

Араб тілінде, жоғарыда көрсетілгендей, үш сөз табы бар, олар: исм, фиғл және харф. Әбу Хайян да түркі тіліндегі сөздерді осындай үш сөз табына бөлген. Біздің мақалада осы исм сөздердің морфологиялық уазндары сөз болады.

Уазн – араб тіл біліміне тән лингвистикалық термин, әсіресе морфология (сарф) саласында жиі қолданылады. Қопармалы (флексивті) араб тілінде түбір сөз бен оның түрленуінің, сол түбірден шыққан туынды сөздердің белгілі бір қалыптасқан қалыптары болады, яғни префикс, инфикс, суффикстердің түбірге жалғануының формулалары немесе қалыптары бар. Осы қалыптарды негізге алып, басқа да түбір сөздер мен оның түрленуін, одан шыққан туынды сөздерді жасауға болады. Араб лингвистері осы қалыпты «уазн» деп атайды. Әбу Хайян әл-Андалуси және Махмуд Қашқари өз еңбектерінде түркі тілінің осындай уазндарын, яғни морфологиялық қалыптарын жасауға тырысқан. Олар орта ғасырдың өзінде басқа ғылымдар секілді лингвистика ғылымында да әлемде көш бастаған араб ғалымдарының әдісімен түркі тілінің грамматикасын жасап түсіндірген. Олар агглютинативтік сипаты бар түркі тілінің аффикстерін флексивті сипаты бар араб тілінің морфологиясын түсіндіру әдісімен түсіндіруге тырысқан. Сондықтан да «Диуани луғат әт-түрк» және «Китаб әл-Идрак» типологиясы екі түрлі түркі тілі мен араб тілін салғастыра зерттеген ғылыми еңбектер саналады. Екінші жағынан түркі тілдерінде орта ғасырлардан бері тіл біліміне қатысты зерттеулердің кешенді жүргізілгендігін айғақтайды.

Ғалымдар араб тіліндегі сөздердің көпшілігі үш әріптен тұратындықтан, олардың түбір немесе тірек уазының негізгі әріптері етіп الفاء والعين واللام фа, айн және ләм әріптерін таңдап алған. Ол араб тіліндегі фаьалә сөзі «істеу», «жасау» мағыналарын беретін етістіктен алынған (Мухитдинов, 2024: 89). М. Қашғари да, Әбу Хайян да түркі тілінің морфологиясын түсіндіргенде осы араб морфологиясындағы сөздердің қалыбын жасау әдісін қолданған. Олар еңбектерін араб тілді оқырмандарға арнап жазғандықтан, соларға жеңіл болсын деген мақсатта да осы әдісті қолданған деген болжам айта аламыз. Қазақ тілді оқырманға жеңіл болсын деген мақсатпен, біз уазндардың оқылуын жазған кезде айн әрпін қазақ тіліндегі оған ең жақын «ғ» дыбысының таңбасымен бердік.

Араб тілінде дауысты әріптерге әріп таңбасы берілмей, дауыссыз дыбыстардың таңбаларының үсті не астына харакат (фатха (а/ә), дамма (у), касра (и)) белгісі ретінде беріледі. Мысалы, олар دَرَسَ «дәрасә» (оқу, зерттеу) сөзін үш әріпті, تَرْجَمَ «тәржәмә» (аудару) сөз деп санайды. Біздің түсінігімізде, екеуі де үш буынды сөз, олар сөзді буынға емес, сөз құрамындағы дауыссыз әріптердің санына қарай бөледі. Бізде болса бұл әдіс қолданылмайды. Осы әдіспен Әбу Хайян әл-Андалуси де түркі сөздерін араб лингвистері секілді сөз құрамындағы дауыссыз әріптердің санына қарай бөлген. Оның ойынша, түркі тіліндегі بُ «бу» (бұл), صُو «су» (су) сөздері бір әріпті, ал بَيْت «бит» (бит), بَر «бар» (бар) сөздері екі әріпті саналады, яғни ол мәмлүк-қыпшақ тіліндегі түркі сөздерінің морфологиялық сипаттамасын, талдауларын араб тіліндегі морфологиялық ережелер арқылы түсіндірген.

Осы жерде назар аударатын бір мәселе бар. Әбу Хайян әл-Андалуси «Сарф» (Түркі тілінің

морфологиясы) бөлімінде түркі тіліндегі сөз табын түсіндіріп жатқанда: والاسم آحادي وثنائي وثلاثي ورباعي وخماسي. الأحادي متحرك بضمة ومتحرك بفتحة ومتحرك بكسرة ومثال ذلك صو و يا و جي. والحروف التي بعدها إشباع وليس إصلا وكذا جميع حروف المد واللين الثلاثة لا يكون شيء منها أصلا في هذه اللغة بل إنما هي نواشي عن إشباع الحركات «Исм (есім сөз, бұған қазақ тіліндегі етістіктен басқа зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу жатады) ахади (бір әріпті), сунәи (екі әріпті), суләси (үш әріпті), рубәғи (төрт әріпті) және хумаси (бес әріпті) болуы мүмкін. Бір әріпті сөздер дамалы, фатхалы және касралы болып келеді. Мысалы: صو су, يا иә және جي жи. Осы сөздерден кейін келген әріптер (яғни уау, әлиф және иә әріптері) тойдырушы (ишбағ) және сөзде түбір әріптер емес. Сол секілді барлық үш мәд және лин (созылыңқы дауысты әлиф, уау және иә әріптері) бұл тілде (яғни түркі тілінде түбір әріп бола алмайды. Олар тек харакаттардың тойдырушысы ғана болады», – деген (Al-Andalusi, 1309 h: 126). Біз «тойдырушы» деп аударған (إشباع «ишбағ» сөзі бір нәрсені толықтыру, қанықтыру, сіңіру) деген мағыналарды береді (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 361-362). Бұл жерде «ишбағ» термині қазақ тілінде дауысты дыбыстың ұзартылуы немесе соған екпін бере айту, дыбысты қанық ету деген мағынаға келеді. Әбу Хайян түркі тілінде бір әріпті сөздердің харакаттары (қысқа дауысты әріптер) дамалы (у), фатхалы (а/ә) және касралы (и) болып келе беретіндігін айтады. Оның пікірінше, бір буынды сөздегі соңғы дауысты түбір әріп емес, ол түбірдегі қысқа дауыстыны толықтырушы, ұзартушы, дыбысты қанық етуші функциясын атқару үшін қосылады. Ол осы ереже үш мәд және лин әріптеріне қатысты деп санайды. Әбу Хайян оған صو (су), يا (иә) және جي (жи не ши) сөздерін мысал ретінде келтіреді. Бұл қазіргі қазақ тілі мамандары арасында дау тудырып жатқан мәселе. Ол түркі тіліндегі بَ «бит» (бит) сөзіндегі «и» дыбысын بَر «бар» (бар) сөзіндегі «а» дыбысы секілді харакатпен белгілеген. Яғни ол түркі тілінде дауысты и бар деп санайды. Әбу Хайяның бұл пікіріне сүйенсек, қазақ тілінде сұу емес, су, бұу емес, бу, барұу емес, бару, бйит емес, бит болып жазылғаны дұрыс. Әрине бұл мәселе басқа зерттеудің тақырыбы болғандықтан, сол тақырыпты зерттеушіге ой салу үшін ғана атап өттік. Егер Әбу Хайяның осы пікірін негізге алсақ, түркі тілінде бір буынды сөздердің үш уазны бар. Олардың жазылуы бір, тек харакаттары әртүрлі болып келеді. Ол ف уазны. Егер осы уазнды харакаттарымен беретін болсақ: فُ фу, فَ фа және فِ фи уазндары шығады. Тек қысқа дауыстыларды созып, қанық қылып айту үшін соңына сол қысқа харакатқа сай әріп жазылғанда في, فاء, فو, болып айырмашылықтары көрінеді. Осы үш уазнға Әбу Хайян жоғарыдағы صو (су), يا (иә) және جي (жи немесе чи) сөздерін мысалға келтірген.

Ескерту: араб тілінде қысқа дауыстылар әріп ретінде жазылмай, дауыссыз әріптердің асты не үстіне таңбаланатындықтан, сөздердің уазндарын жазғанда олардың айырмашылықтары көрінбей қалады.

Әбу Хайян екі әріпті сөздердің он екі уазнын береді және осы уазндардың барлығы مسموع мәсмуғ (естілген) деп айтады. Осы «мәсмуғ» сөзін екі түрлі түсінуге болады. Біріншісі, яғни осы уазндарда келген сөздерді түркілердің сөздерінен естуге болады. Екіншісі, бұл араб тіліндегі *самағи* ұғымында қолданылуы мүмкін. Егер осы *سماعي* самағи (естілген) деген мағынада қолданған болса, онда осы уазнды негіз етіп, оған басқа түбірлерден туынды сөздер жасай алмаймыз. Біздің пікірімізше, Әбу Хайян бұл сөзді бірінші мағынасында қолданған. Яғни осы он екі уазндағы сөздердің барлығы түркілердің қолданысында кездеседі.

Кесте 1 – Екі әріпті сөздердің уазндары

Таблица 1 – Вазны двухбуквенных слов

Table 1 – Wazns of two-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَ	Фағ	سَنَ	Сән
2	فِ	Фиғ	كِمَ	Ким
3	فُ	Фуғ	يُزَ	Юз
4	فَ	Фағу	فَعُ	Қағу
5	فَ	Фаға	أَر	Ара
6	فِ	Фағи	أَرِ	Ари
7	فُ	Фуғу	أَرُ	Уру
8	فَ	Фиғи	يَنَ	Ити

1-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

9	فُعْ	Фуға	فُعْ	Буға
10	فَعْ	Фиға	قَصَا	Қиса
11	فُعْ	Фиғу	بِسُو	Бису
12	فُعْ	Фуғи	طَلِي	Тули

Жоғарыдағы Кесте 1 қарасақ, кейбірі бір буынды, кейбірі екі буынды сөздер, алайда барлығында екі ғана дауыссыз дыбыс бар. Ескерту: араб тілінде сөз басында келген дауысты дыбысқа тіректің қызметін атқарушы һамза (жоғарыдағы мысалдарда ¹ таңбасы қойылған) дауыссыз әріптің қызметін атқарады. Әбу Хайян осы ережені түркі тілдеріне қолданған. Оған осы кестедегі сөздер дәлел болады. Егер қазіргі қазақ сөздерін осы уазнға (сөз қалыбына) салатын болсақ, *жер, тер, бек, тек, бес, тез* секілді сөздердің уазны (қалыбы), *үкі, екі* секілді сөздердің уазны (қалыбы), *ара, ата, ана* сөздерінің уазны (қалыбы) бір болып шығады.

Әбу Хайян үш әріпті сөздердің уазндары көп, олардың жиырма алтысы масмұғ (естілген) дейді (Al-Andalusī, 1309 h: 127). Оның келтірген уазндарын кестеге салып, оқылуымен бірге көрсетсек (Кесте 2).

Кесте 2 – Үш әріпті сөздердің уазндары

Таблица 2 – Уазны трёхбуквенных слов

Table 2 – Wazns of three-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعْل	Фағл	أَرَدَ	Ард
2	فَعْل	Фиғл	صِرْتُ	Сирс
3	فَعْل	Фуғл	كُرْتُ	Курт
4	فَعْلَى	Фағлә	بَرَجَا	Баржа
5	فَعْلَى	Фағли	صَغَرِي	Саржи
6	فَعْلُو	Фағлу	قَرَعُو	Қарғу
7	فَعْلَى	Фағалә	بَرَصَا	Бараса
8	فَعْلِي	Фағали	طَرَزِي	Тарази
9	فَعْلُو	Фағалу	أَيَكُو	Абаку
10	فَعْلَا	Фиғлә	سِرَكَا	Сиркә
11	فَعْلِي	Фиғли	دِرَكِي	Дирки
12	فَعْلُو	Фиғлу	أَنَحُو	Инху
13	فَعْلَى	Фуғлә	أَرَتَا	Уртә
14	فَعْلُو	Фағлу	كُتِرُو	Кубру
15	فَعْلِي	Фуғли	بُكِرِي	Букри
16	فَعْلُو	Фуғулу	أَبُرُو	Убуру
17	فَعْلُو	Фағалу	بُقُو	Буқауу
18	فَعْلُو	Фиғалу	بَلَكُو	Бикәлу
19	فَعْل	Фағал	أَتَكَ	Әтәк
20	فَعْل	Фағил	أَدَكَ	Әдик
21	فَعْل	Фағул	كُرُجْ	Кәруж
22	فَعْل	Фуғал	كُزَلْ	Кузәл
23	فَعْل	Фуғул	أَرُمْ	Уруз
24	فَعْل	Фиғил	كُجِتْ	Кижит
25	فَعْل	Фиғал	كُشِنْ	Кишән
26	فَعْل	Фиғул	دَلَكْ	Дилук

Осы әдіспен қазіргі қазақ тілін араб тілді аудиторияға үйрететін болсақ, *сірне, серке* секілді сөздерді бір уазнда, *бігіз, сегіз* секілді сөздерді бір уазнда, *тоқым, соғым* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян төрт әріпті сөздердің уазндары да көп, олардың отыз үші масмұғ деген.

Кесте 3 – Төрт әріпті сөздердің уазндары
 Таблица 3 – Уазны четырёхбуквенных слов
 Table 3 – Wazns of four-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعْلَلْ	Фағлал	أَتَمَّكَ	Әтмак
2	فُعْلُلْ	Фуғлул	بُرْسُقْ	Бурсук
3	فِغْلِيلْ	Фиғлиил	جَبْجَجْ	Жинжиқ
4	فُغْلَلْ	Фуғлал	أَجَمَقْ	Ужмақ
5	فِفْلَلْ	Фиғлал	بِرْكَكْ	Биркәк
6	فِغْلُلْ	Фиғлул	كِرْبُكْ	Кирбук
7	فَاغْلِيلْ	Фағлиил	بِلْطِرْ	Билтир
8	فَاغْلُلْ	Фағлул	طَشْقُنْ	Ташқун
9	فَاғуләл	Фағуләл	أَرَاغَتْ	Әрағат
10	фағиләл	Фағиләл	أَنْلِكَ	Әнлик
11	фағуләл	Фағуләл	أَيْنَقْ	Уйануқ
12	Фуғуләл	Фуғуләл	أَيْكَنْ	Уйукан
13	фағәлул	фағәлул	بَبْجَكْ	Бабажук
14	Фағаләл	Фағаләл	صَزَغَنْ	Сазған
15	Фуғалил	Фуғалил	بُصْرَقْ	Бусариқ
16	Фиғалил	Фиғалил	بَلْزَكْ	Биләзик
17	Фиғаләл	Фиғаләл	جَعَنْقْ	Жиғанақ
18	Фиғилил	Фиғилил	إِسِيلَكْ	Исилик
19	Фиғиллә	Фиғиллә	إِسِرْغَا	Исирға
20	Фиғилли	Фиғилли	إِكْنَدِي	Икинди
21	Фағилли	Фағилли	الْنَجِي	Әлинжи
22	Фуғуллә	Фуғуллә	سَبْرُكَا	Субурка
23	Фағуллә	Фағуллә	صَقْرُغَا	Сақурға
24	Фағаллу	Фағаллу	قَرْلَدُو	Қаранду
25	Фуғуллу	Фуғуллу	قُيْرُغُو	Қуйурғу
26	Фуғулли	Фуғулли	قُيْجِي	Қуйунжи
27	Фағлилә	Фағлилә	قَطْرُغَا	Қатриға
28	фуғләлә	фуғләлә	قُرْبَغَا	Қурбаға
29	Фағләли	Фағләли	شَبْشَبِي	Шабшаби
30	фуғләли	фуғләли	قُلْنَجِي	Қулунжи
31	Фуғләлу	Фуғләлу	قُنْرَاوُو	Қунрауу
32	Фағләлу	Фағләлу	دَمْرَاكُو	Дамраку
33	Фағилл	Фағилл	شَكْرَدْ	Шәкирд

Осы әдіспен қазіргі қазақ тілін араб тілді аудиторияға үйрететін болсақ, *бармақ, жаңғақ, саусақ, бастау, жайлау, сайлау* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян бес әріпті сөздердің уазндары көп, олардың жиырма үші масмұғ (естілген) дейді (Al-Andalusi, 1309 h: 127). Оның келтірген уазндарын кестеге салып, оқылуымен және мысалымен бірге көрсетсек (Кесте 4).

Кесте 4 – Бес әріпті сөздердің уазндары
 Таблица 4 – Уазны пятибуквенных слов
 Table 4 – Wazns of five-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعْلَالْ	Фағлаләл	أَرَقَطَقْ	Аркатак
2	فُغْلَالْ	Фуғлаләл	أَرْمَجَكْ	Урмажак
3	فِغْلَالْ	Фиғлаләл	صِرْطَلَنْ	Сирталан
4	فِغْلَالِيلْ	Фиғлииләл	بَلْتَرَكْ	Билтирик
5	فَاғләлул	Фағләлул	جَلْלוْكَ	Жатлауук
6	фағләлил	фағләлил	قَصْطَلِقْ	Қасталиқ

4-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 4 / Continuation of Table 4

7	فَعَالِل	Фуғлулул	مُشْتَلِق	Муштулук
8	فَعَالِل	Фағлулул	يَلْدُرُك	Йәлдүрук
9	فَعَالِل	Фиғләлэл	يَلْدُرُق	Билдарақ
10	فَعَالِل	Фағаллэл	أَرْسَلَن	Әраслан
11	فَعَالِل	Фуғуллэл	أَصْرُمُق	Усурмақ
12	فَعَالِل	Фуғуллул	أَغْرَجُق	Уғуржук
13	فَعَالِل	Фағуллэл	أَغْرَشُق	Ағуршақ
14	فَعَالِل	Фағиллэл	أَغْنَج	Әгинғаж
15	فَعَالِل	Фуғаллил	يَنْزِلُك	Бузарлик
16	فَعَالِل	Фағиллил	يَغْزَلُق	Йәғирлиқ
17	فَعَالِل	Фуғаллэл	جَوْلَز	Жууалдуз
18	فَعَالِل	Фиғиллэл	سَيْلِدُق	Сибилдақ
19	فَعَالِل	Фуғуллил	طَفْرَجَن	Тукуржин
20	فَعَالِل	Фағуллул	طَفْرَجُق	Тағаржук
21	فَعَالِلِي	Фағлулүлә	قَبْطُرْغَا	Табкурға
22	فَعَالِلِي	Фағуллулүлә	قَمْرُصَغَا	Қамурсуға
23	فَعَالِلِي	Фағалләли	كَسَالْتَكِي	Кәсәлтәки

Осы әдіспен қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық қалыбын (уазнын) жасайтын болсақ, *бүлдіргі*, *күйдіргі* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян әл-Әндалуси түркі тілінде алты әріптен тұратын сөздердің сирек кездесетінін және оған қатысты бірнеше уазнның бар екенін жазады (Al-Andalusi, 1309 h: 129).

Кесте 5 – Алты әріпті сөздердің уазндары

Таблица 5 – Уазны шестибуквенных слов

Table 5 – Wazns of six-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعَالِلِل	Фиғлиллил	يَلْدُرَجَن	Билдиржин
2	فَعَالِلَل	Фағиллэлэл	صَرْنَجْن	Саринжақан
3	فَعَالِلُل	Фиғлулул	قَلْفِرُق	қилқуйрук
4	فَعَالِلُل	Фағуллулул	كَمْلُدُرُك	Кәмулдурук
5	فَعَالِلَل	Фуғлуллэл	الطَرْج	Ултуркаж

Қазіргі қазақ тілінде де осы уазндарға сай келетін түбір сөздер сирек кездеседі екен. Мысал ретінде *бүлдірген* сөзін келтіруге болады.

Әбу Хайян әл-Андалусидің тәсілімен қарайтын болсақ, мәмлүк-қыпшақ тілінде есім сөздер екі, үш, төрт, бес және алты әріпті болып келеді екен және алты әріпті сөздер сирек кездеседі. Олардың уазндарының жалпы саны – 99.

Қорытынды

Бұл мақалада Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китәб әл-Идрак» еңбегінде баяндалған түркі тіліндегі исм (есім) сөздердің морфологиялық уазндарын (сөз қалыбы) талдау жасау мақсат тұтылды. Зерттеу барысында араб тілі мен түркі тілдерінің морфологиясын түсіндіруде салыстырмалы-салғастырмалы әдіс қолданылды. Түркі тілінің уазндарын сипаттама жасау, топтастыру, жіктеу, кестеге салу әдістері арқылы қарастырылды.

«Идрак» кітабындағы түркі тіліндегі есім сөздердің морфологиялық уазндарын талдай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

- Әбу Хайяның түркі тілін үйренуші, зерттеуші араб тілді оқырмандарға арнап түркі тілінің морфологиясын түсіндіргенде флективті тілге жататын араб тілінің морфологиялық уазндарын (сөз қалыбы) түсіндіру әдісін қолданған. Бұл әдісті М. Қашкари де қолданған;

- Әбу Хайян шет тілін түсіндіруде салғастырмалы әдісті қолданған. Бұл әдіс түркі тілді халықтар үшін ауыр болғанымен, араб тілді оқырмандар үшін жеңіл болуы мүмкін;

- қазіргі кезде осы әдісті қазақ және өзге де түркі тілдерін араб тілді ортаға түсіндіргенде

немесе соларға арнап оқулық жасауда қолданып көруге болатын, тәжірибеден өткізіп көретін әдіс деп санаймыз;

- «Идрак» кітабы қазақ тілінің тарихын зерттеуде, тарихи грамматикасын қалыптастыруда негізгі дереккөзі болатын ғылыми еңбектердің бірі деп айта аламыз;

- бұл еңбек араб тілділерге түркі тілін үйрететін оқулық қана емес, сонымен қатар салғастырмалы тіл білімінің іргелі ғылыми зерттеуі болып табылады.

Әдебиеттер

Айвазян Ш. Категория падежа в мамлюкско-кыпчакском языке по Китаб аль-Идрак ли лисан аль-атрак Абу Хайяна аль-Гарнати // *Caucaso-Caspica*. – №6. – 2021. – С. 171-174. DOI 10.48200/9789939672694_171

Алашбаева Ж.Н. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе: 6D021200 – Түркітану бойынша PhD ... дис. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 154 б.

Арабша-қазақша сөздік. – Алматы: «Нұр-Мүбәрәк» баспасы, 2016. – 918 б.

Асилова Н.А. Об источниках «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» Абу Хайяна // *Советская тюркология*. – Алма-Ата, 1988. – №4. – С. 48-51.

Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): Шығыстану мамандығы бойынша PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 181 б.

Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Әбу Хайян еңбегі бойынша XIV ғ.): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 196 б.

Есбосынов Е.З. «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» қолжазба ескерткішінің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне (сөзжасам) шолу // *ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы*. – 2017. – №2 (81). – С. 140-146.

Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 235 б.

Зайончковский А.А. Арабско-кыпчакский словарь эпохи государства мамлюков // *Сообщения польских ориенталистов*. – Москва: Наука, 1961. – С. 36-44.

Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь из государства мамлюков // *Народы Азии и Африки*. Москва: Наука, 1964. – № 3. – С.111-116.

Конкабаева Н.Н. «Ат-Тухфа аз-закія фи әл-луғат ат-түркия» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация: Түркітану мамандығы бойынша PhD ... дис. – Алматы, 2020. – 242 б.

Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 с.

Маженова М.Н. Әбу-Хайяның түркі тілдерінің түсіндірме кітабында берілген дауыссыз дыбыстар жайындағы деректер // *Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Сб. статей аспирантов и соискателей*. – Алма-Ата, 1966. – №4. – С. 114-120.

Маженова М.Н. Әбу-Хайян еңбегінің грамматикалық очерктері // *Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Сб. статей аспирантов и соискателей*. – Алма-Ата, 1966. – №6. – С. 28-37.

Маженова М.Н. Абу-Хайян – исследователь кипчакского языка: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1969. – 53 с.

Меметов А.М., Меметов И.А. Тюркские лексикографические работы XI–XIV веков, относящиеся к развитию востоковедения в Крыму // *Филология: научные исследования*. – 2020. – №1. DOI:10.7256/2454-0749.2020.1.31775 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=31775

Мустафаева А.А., Аубакирова Қ.Қ. Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Алтын Ордадағы тілдік жағдай мен түркі тілінің мәртебесі // *ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы*. – 2021. – №2 (97). – 17-25-бб. <https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v97.i2.02>

Мухитдинов Р.С. «Диуан луғат әт-турк» – түркітану темірқазығы: монография. 2-басылым. / – Алматы: Akadem kitap, 2024. – 148 бет.

Расулова Н. Абу Хайян и его книга «Китаб ал-идрак ли-лисан алатрак» // *Общественные науки в Узбекистане*. – 1968. – №10. – С. 46-48.

Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 305 б.

213. أبو حيان الأندلسي. كتاب الإدراك للسان الأتراك، مطبعة عامره، 1309. ص.

رمضان عيد التواب. المدخل إلى علم اللغة ومناهج البحث اللغوي. – القاهرة: مكتبة الخانجي، 1997. م. – ص. 320.

685. شمس الدين أبو عبد الله محمد بن أحمد بن عثمان بن قايماز الذهبي. سير أعلام النبلاء. – القاهرة: دار الحديث، 2006. – ص.

عبد الرحمن علي سليمان. توضيح المقاصد والمسالك بشرح ألفية ابن مالك. – القاهرة: دار الفكر العربي، 2008. – ص. 578.

Ankara: Kültür Bakanlığı, 1990 s. 628. محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك

محمود فهمي حجازي. علم اللغة العربية مدخل تاريخي مقارنة في ضوء التراث واللغات السامية. – الكويت: وكالة المطبوعات.

ملیكة ناعیم. أبو حیان الغرناطي (ت. 745 هـ) واللغات السامية // *مجلة الدراسات الأدبية والفكرية*. – ص. 9.

منتصر أمين عبد الرحيم. المعجم ثنائية اللغة في التراث العربي. – بوخارست، مركز جامعة بوخارست للدراسات العربية، 2015. – ص. 135-154.

Aldemir Ü. Nüshaları ışığında Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk // *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten*. 2019. №67 (Haziran). S. 65-86.

Atalay B. Ettuhfet-üz-zekiyye fil-Lûgat-it-Türkiyye. İstanbul: TDK Yayınları, 1945.

- Caferoğlu A. *Kitâb al-İdrâk li-Lisân al-Atrâk*. İstanbul: Evkaf Matbaası, 1931.
- Doğan Y. *Ebû Hayyân el-Endelüsî'nin Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk adlı eserinin dilbilim açısından incelenmesi* // Cumhuriyet Üniversitesi İlahiyat Dergisi. 2016. №20. S. 329-348.
- Ermers R. *Arabic grammars of Turkic, the Arabic linguistic model applied to foreign languages & translation of Abû Hayyân al-‘Andalusî’s Kitâb al-‘İdrâk li-Lisân al-Atrâk*. Leiden: Brill, 1999. 456 p.
- İzbudak V. *El-İdrak haşiyesi*. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınevi, 1989.
- Özyetgin M. *Ebû Hayyân Kitâbu'l-İdrâk li L isâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Bir Gramer ve Sözlük Denemesi* // Tengrim Türklük Bilgisi Araştırmaları Dizisi. Ankara, 2001. 798 s.
- Salan M. *Kitâbü'l-İdrâk Haşiyelerinin Özgün Söz Varlığı ve Anadolu Türkçesindeki Karşılıkları* // Bartın University Journal of Faculty of Letters. Vol 2 (1). Bartın, 2017. S. 103-114.
- Salan M. *Kitabü'l-idrak li lisâni'l-etrah'te alinti kelimeler /loanwords in kitab al-idrak li lisan al-atrak* // Gazi Türkiyat, 2012. №1 (11). S. 53-66.

References

- Abd al-Rahman, Ali Sulayman. (2008) *Tawdhih al-Maqasid wa-al-Masalik bi-Sharh Alfıyyat Ibn Malik*. Cairo: Dar al-Fikr al-Arabi, 578 p. (in Arabic)
- Abu Hayyan, al-Andalusi. (1309) *Kitab al-Idrak li-Lisan al-Atrak*. Matba'a 'Amira, 213 p. (in Arabic)
- Aivazjan, Sh. (2021) *Kategorija padezha v mamljuksko-kypchakskom jazyke po Kitab al-Idrak li-Lisan al-Atrak Abu Hayyana al-Garnati*. Caucaso-Caspica. №6. S. 171-174. DOI: 10.48200/9789939672694_171 [Aivazyjan, Sh.(2021) Case category in the Mamluk-Kipchak language according to Kitab al-Idrak li Lisan Al-Atrak Abu Hayyan Al-Garnati. Caucaso-caspica. No.6. P. 171-174. DOI 10.48200/9789939672694_171] (in Russian)
- Alashbaeva, Zh.N. (2021) *Orta gasyr turki zhazba eskertkishi tilindegi paremiologijalyg zhuje*. 6D021200 – Turkitanu bojnsha PhD darezhesin alu ushin dis. Nur-Sultan, 154 b. [Alashbayeva, Zh.N. (2021) *Paremiological System in the Languages of Medieval Turkic Written Monuments: PhD. dis. in Turkology*. Nur-Sultan, 154 p.] (in Kazakh)
- Aldemir, Ü. (2019) *Nüshaları ışığında Kitabü'l-İdrak li-Lisani'l-Etrak*. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten. № 67 (Haziran). S. 65-86 (in Turkish)
- Al-Zahabi Shams al-Din Abu Abdullah Muhammad ibn Ahmad ibn Uthman ibn Qaymaz (2006) *Siyar A'lam al-Nubala'*. Cairo: Dar al-Hadith, 685 p. (in Arabic)
- Arabsha-qazaqsha sozdik (2016) Almaty: Nur-Mubarak baspa uji, 918 b. [Arabic-Kazakh Dictionary (2016) Almaty: Nur-Mubarak Publishing, 918 p.] (in Kazakh)
- Asilova, N.A. (1988) *Ob istochnikah "Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak"* Abu Khayyana. Sovetskaja tjurkologija. Alma-Ata, №4. S. 48-51. [Asilova N.A. (1988) *About the sources of "Kitab al-idrak li-lisan al-atrak"* by Abu Hayyan. Soviet Turkology. Alma Ata, No. 4, P. 48-51.] (in Russian)
- Atalay, B. (1945) *Ettuhfet-üz-zekiyye fil-Lûgat-it-Türkiyye*. İstanbul: TDK Yayınları. (in Turkish)
- Aubakirova Q.Q. (2016) *Mamlukter biligi kezindegi yurki-arab madeni tildik bailanystary (XIII-XV g.): Shygystanu mamandygy bojnsha PhD ... dis*. Almaty, 181 b. [Aubakirova, Q.Q. (2016) *Cultural and Linguistic Connections of Turkic-Arabic during the Mamluk Rule (XIII-XV Centuries): PhD ... Dissertation in Oriental Studies*. Almaty, 181 p.] (in Kazakh)
- Caferoğlu, A. (1931) *Kitâb al-İdrâk li-Lisân al-Atrâk*. İstanbul: Evkaf Matbaası. (in Turkish)
- Doğan, Y. (2016) *Ebû Hayyân el-Endelüsî'nin Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk adlı eserinin dilbilim açısından incelenmesi*. Cumhuriyet Üniversitesi İlahiyat Dergisi. №20. S. 329-348. (in Turkish)
- Ermers, R. (1999) *Arabic Grammars of Turkic: The Arabic Linguistic Model Applied to Foreign Languages & Translation of Abû Hayyân al-‘Andalusî’s Kitâb al-‘İdrâk li-Lisân al-Atrâk*. Leiden: Brill, 456 p. (in English)
- İzbudak, V. (1989) *El-İdrak haşiyesi*. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınevi. (in Turkish)
- Kuryshzhanov, A. (1970) *Issledovanie po leksike starokypchakskogo pis'mennogo pamjatnika XIII v. "Tjurksko-arabskogo slovarja"*. Alma-Ata: Nauka, 234 s. [Kuryshzhanov, A. (1970) *A study on the vocabulary of the Starokypchak written monument of the XIII century "The Turkic-Arabic dictionary"*. Alma Ata: Nauka, 234 p.] (in Russian)
- Mahmud, Fahmi Hijazi. (n.d.) *'Ilm al-Lughah al-Arabiyya: Madkhal Tarikhi Muqaran fi Daw' al-Turath wa-al-Lughat al-Samiyya*. Kuwait: Wakala al-Matbu'at. (in Arabic)
- Mahmud, ibn al-Husayn al-Kashgari (1990) *Kitab Diwan Lughat al-Turk*. Ankara: Kültür Bakanlığı, 628 s. (in Turkish)
- Malika, Na'im. *Abu Hayyan al-Gharnati (d. 745 AH) wa-al-Lughat al-Samiyya*. Majallat al-Dirasat al-Adabiyya wa-al-Fikriyya. 9 p. (in Arabic)
- Mazhenova, M.N. (1966) *Abu-Hajannyng turki tilderining tusindirme kitabynda berilgen dauyssyz dybystar zhajyndagy derekter. Qazaq tili men adebiet maseleleri. Sb. statej aspirantov i soiskatelej*. Alma-Ata. №4. 114-120-bb. [Mazhenova, M.N. (1966) *Abu-Khayyan's observations about consonants in Turkic languages from his explanatory book*. Kazakh Language and Literature Problems: Graduate and Aspirant Articles Collection. Alma-Ata, №4. S. 114-120.] (in Russian)
- Mazhenova, M.N. (1966) *Abu-Hajan engbegining grammatikalyq ocherkteri. Qazaq tili men adebiet maseleleri. Sb. statej aspirantov i soiskatelej*. Alma-Ata. №6. B. 28-37. [Mazhenova, M.N. (1966) *Grammatical Essays on Abu-Khayyan's work*. Kazakh Language and Literature Problems: Graduate and Aspirant Articles Collection. Alma-Ata, №6. P. 28-37.] (in Kazakh)
- Mazhenova, M.N. (1969) *Abu-Hajan – issledovatel' kypchakskogo jazyka. Avtoreferat dis. na soiskanie stepeni kand. nauk*. Alma-Ata, 53 s. [Mazhenova, M.N. (1969) *Abu-Hayyan is a researcher of the Kipchak language: abst. of the dis. Candidate of Sciences*. Alma-Ata, 53 p.] (in Russian)

- Memetov, A.M., Memetov, I.A. (2020) Tjurkskie leksikograficheskie raboty XI–XIV vekov, odnosjashiesja k razvitiu vostokovedenija v Krymu. Filologija: nauchnye issledovanija. №1. [Memetov, A.M., Memetov, I.A. (2020) Turkic Lexicographic Works of the XI-XIV Centuries Related to the Development of Oriental Studies in Crimea. Philology: Scientific Researches. №1. DOI: 10.7256/2454-0749.2020.1.31775. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=31775] (in Russian)
- Muhitdinov, R.S. (2024) «Duan lugat at-turk» – turkitanu temirqazygy: monografija. 2-basylym. Almaty: Akadem kitap, 148 b. [Mukhitdinov, R.S. (2024) “Diwan Lugat at-Turk” as a Guide in Turkology: Monograph. 2nd Edition. Almaty: Akadem Kitap, 148 p.] (in Kazakh)
- Muntasir, Amin Abd al-Rahim (2015) Al-Mu‘jam Thunaiyyat al-Lughah fi al-Turath al-Arabi. Bucharest: Markaz Jami‘at Bucharest li-al-Dirasat al-Arabiyya. P. 135-154. (in Arabic)
- Mustafaeva, A.A., Aubakirova, Q.Q. (2021) Mysyr mamluk memleketi men Altyn Ordadagy tildik zhagdai men turki tilining martebesi. QazUU Habarshysy, Shygystanu serijasy. №2 (97). B. 17-25. [Mustafayeva, A.A., Aubakirova, Q.Q. (2021) Linguistic Situation and Status of the Turkic Language in the Mamluk Sultanate and the Golden Horde. KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. №2 (97). P. 17-25. DOI: 10.26577/JOS.2021.v97.i2.02] (in Kazakh)
- Özyetgin, M. (2001) Ebû Hayyân Kitâbu'l-İdrâk li Lisâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Bir Gramer ve Sözlük Denemesi. Ankara: Tengrim Türklük Bilgisi Araştırmaları Dizisi. 798 s. (in Turkish)
- Qonqabaeva, N.N. (2020) “At-Tuhfa az-zakija fi al-lugat at-turkija” eskertkishine tarihi-lingvistikalıq interpretaciya: Turkitanu mamandygy boıynsha PhD ... dis. Almaty, 242 b. [Konkabayeva, N.N. (2020) Historical and Linguistic Interpretation of the Monument “At-Tukhfa az-Zakiya fi al-Lugat at-Turkiya”: PhD. ... dis. in Turkology. Almaty, 242 p.] (in Kazakh)
- Ramadan, Abd al-Tawwab (1997) Al-Madkhal ila ‘Ilm al-Lughah wa-Manahij al-Bahth al-Lughawi. Cairo: Maktabat al-Khanji. P. 320. (in Arabic)
- Rasulova, N. (1968) Abu Hajan i ego kniga “Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak”. Public Sciences in Uzbekistan. №10. S. 46-48. [Rasulova N. (1968) Abu Hayyan and his book “Kitab al-idrak li-lisan alatrak”. Social Sciences in Uzbekistan. №10. P. 46-48.] (in Russian)
- Sabyr, M.B. (2004) Orta turko tili leksikasy men qazaq tili leksikasynyng sabaqtastygy (XIV gasyr zhazba eskertkishteri negizinde: filol. gyl. dok. ... dis. Almaty, 305 b. [Sabyr, M.B. (2004) Lexical and Grammatical Continuity of Middle Turkic Language and Kazakh Language (Based on XIV Century Written Monuments): dis. ... of the Doctor of Philology. Almaty, 305 p.] (in Kazakh)
- Salan M. Kitabü'l-idrak li lisâni'l-etraq'te alinti kelimeler/loanwords in kitab al-idrak li lisan al-atrak. Gazi Türkiyat, 2012. №1 (11). S. 53-66.
- Salan, M. (2017) Kitâbü'l-İdrâk Haşiyelerinin Özgün Söz Varlığı ve Anadolu Türkçesindeki Karşılıkları. Bartın University Journal of Faculty of Letters. Vol. 2 (1). Bartın. S. 103-114. (in Turkish)
- Yesbosynov, E. (2005) Eski qypshaq tilining leksika-grammatikalıq erekshelekteri (Abu Hajan engbegi boıynsha XIV g.): filol. gyl. ... kand. dis. Almaty, 196 b. [Yesbosynov, Ye. (2005) The Lexico-Grammatical Features of the Old Kipchak Language (Based on Abu Hayyan's Work of the XIV Century): PhD. ... dis. Almaty, 196 p.] (in Kazakh)
- Yesbosynov, E.Z. (2017) Lexical and Semantic Features of the Manuscript Monument “Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak” (Word Formation Review). KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. №2 (81). P. 140-146. (in English)
- Zajonchkovskij, A.A. (1961) Arabsko-kypchakskij slovar' jepohi gosudarstva mamljukov. Soobshchenija pol'skih orientalistov. Moskva: Nauka. S. 36-44. [Zayonchkovsky, A.A. (1961) Arabic-Kipchak dictionary of the era of the Mamluk state. Messages from Polish Orientalists. Moscow: Nauka. P. 36-44.] (in Russian)
- Zajonchkovskij, A. (1964) Novonaidennyj arabsko-kipchakskij slovar' iz gosudarstva mamljukov. Narody Azii i Afriki. Moskva: Nauka. №3. S. 111-116. [Zayonchkovsky, A.A. (1964) Newly discovered Arabic-Kipchak dictionary from the Mamluk state. Peoples of Asia and Africa. Moscow: Nauka. No.3. P. 111-116.] (in Russian)
- Zhubatova, B.N., Aubakirova, Q.Q. (2019) Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystry. Almaty: Qazaq universiteti, 235 b. [Zhubatova, B.N., Aubakirova, Q.Q. (2019) Cultural and Linguistic Connections of Turkic-Arabic during the Mamluk Rule in Egypt. Almaty: Kazakh University, 235 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.12.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Мухитдинов Р.С., Мустафаева А.А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025